

БЕКІТЕМІН:

**ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының менеджері
Б.С. Умирзакова**



Ересек топ преспектива Желтоқсан

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: жан-жаққа қосалқы қадаммен жүру (оңға және солға), тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру, сапта бір-бірден жүгіру, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып еңбектеу; оңға, солға бұрылып секіру; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға лақтыру (2–2,5 метр қашықтықтан), бір-бірден сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарын алға-артқа сермеу; тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату; екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: мұз жолымен өз бетінше сырғанау. Қимылды ойындар: қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету; Дербес қимыл белсенділігі: балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға үйрету; Салауатты өмір салтын қалыптастыру: өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін түсіну. Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру: дәретханаға барғаннан кейін қолды	Тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; доптарды домалатады

		жууға үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: киімдерді жинауға үйрету; Сауықтыру-шынықтыру шаралары: аяқтарды, денені шаю;	
Сөйлеуді дамыту		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту; Сөздік қор: баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау; Тілдің грамматикалық құрылымы: сан есімдерді ретімен атауға; Байланыстырып сөйлеу: балаларды әңгіме айтуға үйрету;	Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; сан есімдерді ретімен атайды,
Көркемәдебиет		Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.	Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді
Қазақ тілі		Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда өз және құрдастарының әрекетін түсінуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән қ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу Сөздік қор Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Өзі мен құрдастарының жауаптарында дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.	Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда өз және құрдастарының әрекетін түсінеді. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсінеді
Математика негіздері		Жиын: тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау: қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету;	Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; сөйлеуде сын есімдерді

		Шама: екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыру; Геометриялық фигуралар: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды; атау (ұзындау-қысқалау); Кеңістікті бағдарлау: заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр); Уақытты бағдарлау: «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	қолданып, салыстыру; нәтижелерін атайды; «ертең» ұғымдарын ажыратады;
Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.	Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;	
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.	Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;	
Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.	Жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды; бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді;	
Құрастыру	Оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау: Қағаздан құрастыру: қағазды ілмекке айналдыра білу. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.	Заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; қалдық заттардан құрастырады;	
Музыка	Таныс шығармаларды білу, Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,	Таныс шығармаларды таниды қысқа музыкалық	

		Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.	фразалар арасында тыныс алуды біледі; музыканың ырғағымен жүреді,
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Заттық әлем: қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру: Еңбекке баулу: топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу; Адамгершілік және патриоттық тәрбие: әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету; Менің -Отаным Қазақстан: Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту; Жолда жүру ережелері: бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Өлі табиғат заттары мен заттары: қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды); Өсімдіктер әлемі: өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі: бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы; Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу,	Ойыншықтарға ұқыпты қарайды; ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылар мен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі;